



Jaqsynyń aty ólmeidi, álimniń haty ólmeidi

BUQAR JYRAY JARSHYSY

№17
(1660)

1 мамыр 2026 жыл
1 мая 2026 года

Buqar jyray aýdandyq aptalyq gazetі Еженедельная газета Бухар-Жырауского района
Gazet 1939 жылдың 12 сáýірінен bastap shygady Газета издаётся с 12 апреля 1939 года

Құрметті Бұқар жырау ауданының тұрғындары! Құрметті жерлестер! Уважаемые жители Бухар-Жырауского района! Дорогие земляки!

Сіздерді 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл мереке – татулық пен тұрақтылықтың, өзара құрмет пен сенімнің символы. «Бірлік – береке, ынтымақ – ырыс» деген халқымыз үшін ел бірлігі әрқашан ең қастерлі құндылықтардың бірі.

Бейбітшілік, тұрақтылық және ұлтаралық келісім – мемлекетіміздің басты тірегі, рухани байлығы. Қазақ халқы қашанда кеңпейілділігімен, бауырмалдығымен ерекшеленген. Тарихтың әр кезеңінде тағдыр айдап келген өзге этнос өкілдерін жатсынбай, құшағына алып, барымен бөліскен елміз.

Бүгінде осы ынтымақтың арқасында Қазақстан көпұлтты, бірлігі жарасқан мемлекет ретінде әлемге танылып отыр. Қазіргі таңда елімізде 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдері бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп келеді. Бұқар жырау ауданында да бұл татулықтың нақты көрінісін күнделікті тіршіліктен анық байқаймыз.

Биыл наурыз айында жалпыхалықтық референдум арқылы жаңа Конституция қабылданды. Бұл – халықтың бірлігі мен ортақ таңдауын айқындаған маңызды тарихи шешім. Ата Заңымыз елдегі бейбітшілік пен келісімді, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын нығайта отырып, мемлекетіміздің тұрақты дамуына берік негіз қалайды.

Тәуелсіздігімізді нығайтып, болашағымызды баянды ету – өзара түсіністік пен бірлікке тікелей байланысты. Сондықтан ынтымақ пен келісім құндылықтарын жас ұрпақтың бойына сіңіру – баршамыздың ортақ міндетіміз.

Берекелі бірлігіміз бекем болсын! Баршаңызға зор денсаулық, әр шаңыраққа амандық пен құт-береке тілейміз. Елімізде әрдайым бейбітшілік пен тұрақтылық, достық пен өзара сенім салтанат құрсын!

Е.ҚҰСАЙЫН,
Бұқар жырау ауданының әкімі

А.ӘЛИ,
Бұқар жырау аудандық мәслихатының төрағасы

Е.ҚҰСАЙЫН,
аким
Бухар-Жырауского района

А.ӘЛИ,
председатель
маслихата Бухар-Жырауского района



От всей души поздравляем вас с Днём единства народа Казахстана!

Этот праздник по праву является одним из важнейших для нашего независимого государства. Единство, мир и согласие всегда были и остаются прочной основой благополучия и процветания страны.

Благодаря проводимой государственной политике в Казахстане созданы все условия для реализации прав и свобод граждан, сохранения этнического многообразия, развития культуры, языка и традиций. Независимо от национальности и вероисповедания, всех нас объединяет общее стремление к стабильности, созиданию и уверенности в завтрашнем дне.

В марте текущего года на республиканском референдуме была принята новая Конституция. Это важное историческое решение стало отражением единой воли народа и заложило прочную основу для дальнейшего укрепления государственности, прав и свобод граждан,

мира и согласия в обществе.

Только вместе, сохраняя единство и сплочённость, мы сможем и дальше уверенно двигаться вперёд, реализовывать масштабные задачи и добиваться новых успехов во благо нашей Родины.

Пусть в каждом доме царят мир, согласие и благополучие! Желаем вам крепкого здоровья, счастья, стабильности и уверенности в завтрашнем дне. Пусть единство нашего народа всегда служит надёжной основой для дальнейшего развития и процветания страны!

Құрметті жерлестер! Қадірлі Отан қорғаушылар!

Сіздерді 7 мамыр – Отан қорғаушылар күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл – батырлық пен ерліктің, адалдық пен патриотизмнің айшықты мерекесі. Отаншылдық рухы қай заманда да қазақ халқының бойындағы асыл қасиет болып қалыптасқан. Сондықтан бұл күн – қайсар мінезді ата-бабаларымыздың жауынгерлік дәстүрінің заңды жалғасы.

«Отан – оттан да ыстық» деген халқымыз үшін ел қорғау – қасиетті парыз. Тәуелсіздігіміз бен тыныштығымызды, қауіпсіздігіміз бен бейбіт өмірімізді қамтамасыз ету – әрбір азаматтың абыройлы міндеті. Бұл жолда әскери қызметшілер, құқық қорғау органдары мен құтқару қызметінің өкілдері елге адал қызмет етіп келеді.

Бүгінде Бұқар жырау ауданынан шыққан азаматтар да осы жауапты міндетті абыроймен атқарып, ел қауіпсіздігін нығайтуға өз үлестерін қосуда. Олардың ерлігі мен еңбегі – кейінгі ұрпаққа үлгі, елге мақтаныш.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету – мемлекеттік саясаттың басымдығы. «Заң және тәртіп» қағидаты – ел тұрақтылығының берік негізі. Бұл – ел тыныштығын күзетіп жүрген азаматтарға деген құрметтің айқын көрінісі.

Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық пен береке тілейміз. Ұлттық әскеріміздің айбыны арта берсін! Тәуелсіздігіміздің тұғыры нық, ғұмыры мәңгі болсын!

Е.ҚҰСАЙЫН,
Бұқар жырау ауданының әкімі

А.ӘЛИ,
Бұқар жырау аудандық мәслихатының төрағасы

Уважаемые жители Бухар-Жырауского района! Дорогие соотечественники!

От всей души поздравляем вас с Днём защитника Отечества!

Этот праздник символизирует мужество, доблесть и верность воинскому долгу, имеет особое значение для укрепления мира, стабильности и безопасности в нашей стране. Беззаветное служение Родине – это священная обязанность каждого гражданина и яркое проявление подлинного патриотизма.

Сегодня важную роль в обеспечении обороноспособности государства играет работа отдела по делам обороны, направленная на организацию призыва, подготовку мобилизационного резерва и военно-патриотическое воспитание молодёжи. Формирование у подрастающего поколения чувства ответственности за судьбу страны, уважения к воинской службе и готовности защищать Отечество – наша общая задача.

Следует отметить, что Бухар-Жырауский район по итогам последних призывных кампаний стабильно входит в число лучших в области, демонстрируя высокие показатели как по количеству, так и по качеству призывников. Это результат слаженной работы всех ответственных структур и осознанной гражданской позиции нашей молодёжи. Военнослужащие Вооружённых Сил Республики Казахстан служат достойным примером профессионализма, дисциплины и верности присяге. Служба в армии по праву считается школой мужества и патриотизма, основанной на героических традициях старших поколений. Государственный статус этого праздника подчёркивает его особую значимость в воспитании казахстанского патриотизма и уважения к защитникам Отечества.

Желаем вам крепкого здоровья, благополучия и уверенности в завтрашнем дне. Пусть в нашей стране всегда царят мир, стабильность и согласие!

Е.ҚҰСАЙЫН,
аким Бухар-Жырауского района

А.ӘЛИ,
председатель маслихата Бухар-Жырауского района

Уважаемые бухаржыраусцы!



Для улучшения внешнего облика и обеспечения комфортности проживания населения, в рамках республиканской акции «Таза Қазақстан» в период с 4 апреля по 6 июня 2026 года объявляется весенний двухмесячник по благоустройству, санитарной очистке и озеленению населенных пунктов Карагандинской области.

Днями проведения областных субботников определены 4 апреля и 2 мая.
Днями проведения районных субботников определены 11 апреля, 18 апреля, 25 апреля, 16 мая, 23 мая, 30 мая и 6 июня.

Еженедельно «четверг» объявлен санитарным днем.

Руководителей хозяйствующих субъектов, крестьянских хозяйств, частных предприятий просим оказать содействие населению в вывозке мусора.

Просим население района, руководителей учреждений и организаций всех форм собственности принять активное участие в санитарной очистке, благоустройстве и озеленении населенных пунктов района.

Напоминаем, что вывоз мусора и твердо-бытовых отходов необходимо производить в специально отведенные для свалки места.

За вывоз мусора в неотведенные для этого места налагается штраф:

- на физических лиц – до 20 МРП;
- на субъекты малого и среднего бизнеса – от 30 до 40 МРП;
- на субъекты крупного предпринимательства – до 100 МРП.

Отдел коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алудағы негізгі мақсат

Сыбайлас жемқорлық – кез келген мемлекеттің дамуына үлкен қауіп төндіретін әлеуметтік-құқықтық теріс құбылыс.

Ол мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін төмендетіп, қоғамдағы әділеттілік пен заң үстемдігіне нұқсан келтіреді. Сондықтан сыбайлас жемқорлықтың алдын алу қазіргі таңда Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алудағы негізгі мақсат – қоғамда заңдылық пен әділдікті қамтамасыз ету, мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығын арттыру,

азаматтардың мемлекетке деген сенімін нығайту. Сонымен қатар, бұл бағыттың басты міндеті – парақорлықтың себептері мен жағдайларын жою арқылы оның пайда

болуына жол бермеу.

Жемқорлықтың алдын алу тек жазалау шараларымен ғана шектелмейді. Ең маңыздысы – оның туындауына мүмкіндік беретін жағдай-

ларды болдырмау. Бұл үшін мемлекеттік қызмет саласында ашықтықты қамтамасыз ету, цифрлық технологияларды енгізу, мемлекеттік қызметтерді электронды форматқа көшіру сияқты шаралар жүзеге асырылуда. Мұндай қадамдар азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы тікелей байланысты азайтып, адам факторының ықпалын төмендетеді. Сонымен қатар, қоғамда құқықтық мәдениетті қалыптастырудың маңызы зор. Әрбір азамат заңды білуі және оны сақтауы қажет.

Мекемізде көрсетілетін мемлекеттік қызмет, жеке және заңды тұлғалардың өті-

ніштерін қарау тиісті заңнамалар шеңберінде ашықтық жағдайында іске асырылуы үнемі назарда ұсталады. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында жеке және заңды тұлға өкілдерінің қатысуымен дөңгелек үстел, семинар-кеңес, т.б. форматтағы кездесулер ұйымдастырылады. Қызмет алушылар үшін ақпараттық-түсіндірмелік стендтер орнатылып, лауазымдық тұлғалардың заңнан тыс әрекеттеріне берілетін арыз-шағымдар үшін арнайы жәшік ілінген.

М.ҚАБИЕВ,
ҚР АШМ АӨК МИК Бұқар
жырау аудандық аумақтық
инспекциясының
басшысы

Хабарландыру

«Сарыарқа Базальт» ЖШС «Базальтовое» кен орнында жанартаутекті жыныстарды (базальтты порфириттерді) ашық тәсілмен өндіру бойынша тау-кен жұмыстарының жоспарына (түзету) өсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін («ҚОҚ» бөлімі, ШРТ, ӨЭБ, ҚБЖ, Іс-шаралар жоспары жобалары) ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы **8 маусымда сағат 15.00-де** Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Көкпекті ауылдық округі, Байқадам ауылы, Школьная көшесі, 11 (ауылдық клуб ғимараты) мекенжайы бойынша өтеді.

Сондай-ақ, қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасында онлайн режимінде өткізіледі.

Байқадам ауылында желінің тұрақсыз жұмысы бар.

Қатысу үшін келесі сілтемеге көшуді сұраймыз:

<https://us06web.zoom.us/j/89274569803?pwd=ZNdHBRcCtBGQ3343ggY6Gli6m6D6aK.1>

Конференция идентификаторы: 892 7456 9803. Кіру коды: 283977.

Бастамашы: «Сарыарқа Базальт» ЖШС, БСН 150640022448, Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Көкпекті ауылдық округі, Байқадам ауылы, Школьная көшесі, 11А үй.

Жоба әзірлеушісі: «ВaiMuga» ЖШС өз қызметін ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Астана қ. берген 25.01.2024 ж. №02736Р қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге арналған мемлекеттік лицензияға сәйкес жүзеге асырады, БСН 940540002772. Мекенжайы: Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 114в. Электрондық пошта мекенжайы және телефон нөмірі: kazecorproect2012@mail.ru, 8-702-589-72-19.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен <https://ndbecology.gov.kz> сайтта танысуға болады, сондай-ақ ММ ресми интернет-ресурсында – <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=kk>

Ескертулер мен ұсыныстарды «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ мына мекенжайлар бойынша қабылдайды: expertiza.upr_krg@mail.ru, Қарағанды қ., Лобода к-сі, 20.

Объявление

ТОО «Сарыарқа Базальт» объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания для получения экологического разрешения на воздействие (Раздел «ООС», проект НДВ, ПЭК, ПУО, ППМ) к Плану горных работ по добыче изверженных пород (базальтовых порфиритов) на месторождении «Базальтовое» открытым способом (корректировка).

Общественные слушания состоятся 8 июня 2026 года в 15.00 по адресу: Карагандинская область, Бухар-Жырауский район, Кокпектинский сельский округ, с.Байқадам, улица Школьная, 11 (здание сельского клуба).

Также общественные слушания будут проведены в режиме онлайн на платформе Zoom.

Для участия в слушаниях необходимо пройти по ссылке: <https://us06web.zoom.us/j/89274569803?pwd=ZNdHBRcCtBGQ3343ggY6Gli6m6D6aK.1>

Идентификатор конференции: 892 7456 9803. Код доступа: 283977.

Следует учесть, что связь в селе Байқадам нестабильная.

Заказчик: ТОО «Сарыарқа Базальт», БИН 150640022448, Карагандинская область, Бухар-Жырауский район, Кокпектинский сельский округ, с.Байқадам, ул.Школьная, дом 11А.

Разработчик проекта: ТОО «ВaiMuga», осуществляет свою деятельность в соответствии с государственной лицензией на выполнение работ и оказание услуг в области охраны окружающей среды №02736Р от 25.01.2024 г., выданная Министерством охраны окружающей среды РК, г. Астана, БИН 940540002772. Адрес: Ақмолинская область, г.Кокшетау, ул.Абая, 114В. Адрес электронной почты и номер телефона: kazecorproect2012@mail.ru, 8-702-589-72-19.

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте <https://ndbecology.gov.kz>, а также на официальном-интернет ресурсе ММО - <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>.

Замечания и предложения принимает ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области» по адресам: expertiza.upr_krg@mail.ru и г.Караганда, ул.Лободы, 20.

Счет на оплату №10

Хабарландыру

«Қарағанды жолдары» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 87-бабы 2-тармағының талаптарына сәйкес Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Қаражар ауылдық округі, орналасқан техникалық жоба «Асфальтбетон зауыты» жоспарына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі жобалар бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Аумағына ықпал ету мүмкін болатын және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін өкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Қаражар ауылдық округі.

Географиялық координаттар: 49°55'32.75"С 72°34'21.68"В.

Тыңдау 13.05.2026 ж. бастап, бес жұмыс күні ішінде өтеді.

Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында өтеді <https://hearings.ndbecology.gov.kz>.

Бастамашы: «Қарағанды жолдары» ЖШС, БСН 040440000219, Қарағанды қ., Қазыбек би атындағы ауданы, Пригода көш., 55/3, тел.: 8-7212-44-59-31.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Қарағанды жолдары» ЖШС, БСН 040440000219, Қарағанды қ., Қазыбек би атындағы ауданы, Пригода көш., 55/3, тел.: 8-7212-44-59-31.

ҚОҚ бөлімінің әзірлеушісі: Байжанов Қ.Е., Қостанай қ., М.Хақимжанова к, 7 үй, тел.: 8-705-193-56-98.

Қоғамдық тыңдаулар өткізу кезінде межеленіп отырған қызмет туралы қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ межеленіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін e-mail: baizhanov_kair78@mail.ru және тел: 8-705-193-56-98.

ЖАО жұртшылықтың қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етуге жауапты – «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Қарағанды қ., Лобода көш, 20 үй, тел.: 8-7212-56-81-66, электрондық мекенжайы: expertiza.upr_krg@mail.ru, <https://hearings.ndbecology.gov.kz>.

Объявление

ТОО «Қарағанды жолдары» в соответствии с требованиями пункта 2 статьи 87 «Экологического кодекса РК» проводит общественные слушания посредством публичных обсуждений по проекту «Раздел «Охрана окружающей среды» к техническому проекту «Асфальтбетонный завод» по адресу: Карагандинская область, Бухар-Жырауский район, Каражарский с/о.

Перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие и на территории которых будут проведены общественные слушания: Карагандинская область, Бухар-Жырауский район, Каражарский с/о.

Географические координаты: 49°55'32.75"С 72°34'21.68"В.

Публичные обсуждения состоятся с 13.05.2026 г. в течение 5 рабочих дней на сайте «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов» <https://hearings.ndbecology.gov.kz>.

Инициатор: ТОО «Қарағанды жолдары», БИН 040440000219, г.Караганда, ул.Пригоды, строение 55/3, тел.: 8-7212-44-59-31.

Разработчик проектной документации: ТОО «Қарағанды жолдары», БИН 040440000219, г.Караганда, ул.Пригоды, строение 55/3, тел.: 8-7212-44-59-31.

Разработчик раздела: ООС Байжанов К.Е. г.Костанай, ул.М.Хақимжановой, 7, тел.: 8-705-193-56-98.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности можно получить при проведении публичных слушаний, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности по e-mail: baizhanov_kair78@mail.ru и по тел.: 8-705-193-56-98.

МИО, ответственный за обеспечение доступа общественности к информации о проведении общественных слушаний, - ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области», г.Караганда, ул.Лободы, 20, тел.: 8-7212-56-81-66, электронный адрес: expertiza.upr_krg@mail.ru, сайт <https://hearings.ndbecology.gov.kz>.

Счет на оплату №9